



*МАХАБАТ ЖӘНЕ
СҮЙІСПЕНШІЛІК!*

*МАХАББАТ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК, ЫНТИЗАРЛЫҚ, ҒАШЫҚТЫҚ
ДЕГЕН СӨЗДЕРДІҢ БАЛАМАСЫ РЕТІНДЕ АЙТЫЛА БЕРЕДІ.*




ҚАЛАЙМЫН ТЕК, МАХАББАТТЫҢ ГҮЛДЕУІН ...

- Арманымның асқар тауы сен бедің,
Сезімім биіктеп, жүрегімде тербелдің.
Өзіңе гүлім, бағынар жүрек, бағынар,
Сен болсаң екен жалғыз ғана сенгенім.

Сезім оты мазданып жанып жүректе,
Қайтейін енді махаббат атты гүл ексе.
Ұсынам жалғыз өзіңе ғана, өзіңе,
Мендегі сезім пердесін гүлім, кірлетпе.



*ӨМІРДЕ КӨПТІ КӨРІП ШЫНДАЛАСЫҢ, ЖАЗАРМЫН ЖҮРЕКТІҢ МЕН ШЫН
ЖАРАСЫН. СҮЙГЕНІҢМЕН ҚАШАНДА БАҚЫТТЫ БОЛ, БАҒАЛА
МАХАББАТТЫҢ ШЫН БАҒАСЫН.*



МЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ БАР БОЛСА ДА...

- Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,
Бір жұлдыздан тұрады, махаббаттың аспаны.
Сол бір жұлдыз жанады, сол аспанды жарық қып,
Жарықта да түк көрмес ғашық болған жарықтық!
Сол жұлдызсыз белгілі, оның естен танары,
Маңдайда емес, жүректе -
Ғашықтардың жанары.
Сол жүрекпен қараймын, сол жұлдызға сүзіліп,
Шаңыраққа ілінді ол, көк аспаннан үзіліп.
Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,
Бір жұлдыздан тұрады шаңырақтың аспаны!





МАХАБАТ, СҮЙІСПЕНШІЛІК!

